

А 2009
18586 к

Қайсар
ӘЛІМ

6

1 2009/185862

Қайсар



Әлжанұлы Қайсар



"Қайсар" Баспасы
Астана-2007

Қайсар ӘЛІМ

СЕГІЗ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

6-ТОМ

Махаббат жыршысы

Әзілхан Нұршайықов пен Қайсар Әлімнің хаттасулары

2-кітап

Эпистолярлық хикаят



“Фолиант” баспасы
Астана-2007

ББК 84 Қаз 7-4
Ә 55

Ә 55 **ӘЛІМ Қайсар**
Сегіз томдық шығармалар жинағы. — Астана: Фолиант, 2007.
Т.6: Махаббат жыршысы: *Эпистолярлық хикаят*. 2-кітап.
— 296-бет.

ISBN 9965-35-160-0

«Махаббат жыршысының» 2-кітабында «Жалғыз жолаушы», «Рухани өрлік», «Қыздар — ұлт анасы» бөлімдерінің негізіне атақты жазушы Әзілхан Нұршайықовтың махаббатпен өрілген парасатты бейнесі арқау болып, оның өнегесі өмір қырлары жарқын ашылған.

Ә $\frac{4702250201}{00(05)-07}$

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-35-160-0 — (Т. 6)
ISBN 9965-35-154-6

© Әлім Қайсар, 2005
© “Фолиант” баспасы, 2005
© “Фолиант” баспасы, 2007

IV БӨЛІМ



Жамыз
ЖОЛАУШЫ

- ✻ Күнделіктер – өмір іздері
- ✻ Қаламқас, Тоғжан, Мағжан, Әйкерім...
- ✻ 81 жасқа болуына – “Жанығу”
- ✻ Үшеуінен ғана – 69 хат
- ✻ Елге қоныстанған елеулілер
- ✻ “Сахалин сапарындай” болса ше?
- ✻ Жарсыз – жалғыз жолаушысын
- ✻ Оқырман жүрегінен өшірмейді
- ✻ Қонақтар шапансыз қайтпайтын
- ✻ “Жамбылға хат” қажы атанды!

Алматы, Құрманғазы көшесі, 90-үй, 28-пәтер.
Нұршайықов Әзілханға

Аса қадірлі Әзаға!

Сізге және отбасыңызға ыстық сәлем жолдаймын.

Сіздің 18 тамыз күнгі хатыңызды (12 бет) 20 тамызда алып қуанышқа кенелдім. Онда менің хат арқылы жіберген 12 сұрағымның (2002 жылғы 14 қазан) 3-еуіне толымды жауап қайтарған екенсіз, соған разымын. Уақытыңызды бөліп, мөл-тектеу көркем әңгімелер жазып жібергеніңізге көп-көп рахмет! Қайтарған жауаптарыңыз тағылымымен тұшындырады екен: Өмірлік сабақ; махаббаттың анқаулығы мен пәктігі; адалдығы мен мәңгілігі; Абай бабамның ғаклияларын тарата келіп өзіндік тұжырым жасауыңыз – бәрі-бәрі кісіге ой салады, толғандырады, мұңайтады да. Осы жауаптарыңызды кім оқыса да, айнаға қарап жүзін көргендей, жан-дүниесін де “тәртіптеп” алса керек-ті. Сонымен бірге әдебиет, мәдениет, ғылым төңірегіндегі жанашыр ойларыңыз да соқталы екен, бей-жай қалдырмайды.

Осындай тамаша хатыңызды қолыма алған күні “Күнделіктер – өмір іздері” деген мақалам (“Егемен Қазақстан” газеті, №214, 20.08.2003 ж.) шығып, ондағы қозғалып отырған мәселеге қатысты Сіздің өнегенізді де тарқатып беріпмін. Газет орны мүмкіндік бере ме? Әйтпесе, күнделік жазудағы Сіздің ғибратыңыз жөнінде көсіліп, көркем ойлар тасқынын селдетуге болар еді-ау! Жә, ол жағының да ойсыраңқы тұсы түбі түгесіле жатар, бәлкім.

Әзаға, Сіз өзіңіздің “Мұнды мақамдарыңызда”

“Бейбітшілік – халықтар қазынасы,
Емес пе еді ежелден сөз расы?”

Сол қазына талауға түсті қазір,
Ирак болып бүгінгі даудың басы”, –

деп Ирак қасіретін қозғап кеткен едіңіз. Мен де күнделігіме осы зауал жөнінде (20.03.2003 ж.) “АҚШ-тың зулымдық соғысы” деген тақырыппен былайша жазыппын. “АҚШ Иракқа қарсы соғысты Астана уақытымен 8 сағат 37 минөтте бастады. Америкалық-британдық авиация мен флот Иракты ракеталық-бомбалы соққының астына алды. Бұл – ең алдымен, әлемде қара күштің билігі жүре бастағанының көрінісі. Бұл – “өркениетті адамзаттың”, “демократияшыл адамзаттың”, “адам құқы үшін күрескіш” адамзаттың содыр қара күштен жеңілуі, күллі мәдениетті әлемнің күш алдында бас иіп, құлға айналуының көрінісі.

Себебі, әлемге әулиесініп отырған БҰҰ-ның, оның Қауіпсіздік кеңесінің пікіріне АҚШ бір-ақ түкірді. Палестина халқына ондаған жылдар бойы қорлық көрсетіп келе жатқан Израильды үздіксіз қолдайтын АҚШ Иракты әлемге құбыжық етіп көрсетіп, күллі демократиялық, гуманистік мәдени нормаларды бұзып отыр. Бұл, канша жасырғанмен, өркениеттердің, мәдениеттердің соғысы! Әлемдік үстемдік, езгіге түсіру үшін соғыс...”

Әңгіме күнделік төңірегінде өрбіп кеткендіктен “Залды қомсыну” (10.10.2002 ж.) дейтін жазбамды толық келтірейін. “Астана қаласындағы М.Әуезов атындағы кітапханада “Әдебиет – шекарасыз әлем” деген тақырыпта мәскеулік қаламгерлермен кездесу болып өтті. Қонақтарды арнайы шақырып, мазмұнды әңгіме өрбітуге мұрындық болған – қазақтың көрнекті жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов еді. “Ол ПЭН клуб жетекшісі ретінде бұл кездесуді қысқаша сөз сөйлеп ашты.

Бұған дейін осы тектес бас қосу 1994 жылы Қостанайда, былтыр Оралда өтіпті. Қонақтардың ішінен сөз алған сыншылар Н.Анастасьев пен П.Басинский, жазушы А.Ким негізінен бүгіндері екі ел арасында әлсірей бастаған әдеби байланыстарды нығайта түсудің қажеттілігіне тоқталды.

... Қала әкімінің орынбасары Т.Мұхамеджанов кездесуге кешігіп келді. Оған қарата Ә.Нұрпейісов:

– Үлкен басымызға мынадай кіші зал жараса ма? – деп реніш білдірді.

– Зал жетеді. Бірақ Мұхтардай заңғар атындағы кітапхананы сіздер үшін әдейі таңдаған едік, – деп Төлеген ұпай асырып кетті”.

Әзаға! Айыпқа бұйырмаңыз, күнделігімнен тағы бір мәтінді көшіріп берейін де, осымен доғарайын. Өйткені, оның Алтын келінінізге қатысты жері бар. Және де Алтын кезінде: “Сырбай мен Ғафу” кітабынды қос жеңгей – Күлжамал мен Бәдешке арнауың керек”, – деп жол тауып берген еді. Сол еңбегін де ескерген жөн болар (әзілім ғой).

Сонымен: “14.01.2003. “Күнөрім” – күнделік кітабы. Ойым зор! 1961 жылдан бермен қарай жүргізіп, жазып келе жатқан күнделіктерім көбейіп қалды. Солардың басын қосып, бірнеше кітап етіп бастырсам деймін Алла жазса!

Ол жинағым “Күнөрім” деп аталатын шығар. Ғұмырнамалық еңбектің сөз-пердесі былай жазылмақшы: “Арнау. Күндеріміз де еңкейер... Махаббат, қызық дәурен де басымыздан ақ жамылғыдай сырғып түсер... Бірақ, Сен – бес баламның анасы, Алтын, бұл фәниде көңілімді бір шегермеген, Асыл жар, екі дүниенің төрінде де өз ұрпағыңа Таншолпан болып жарқырай берерсің. Дүние кезек: маған Сен – бал ғұмыр сыйласаң, мен Саған – соның ләззатын осы күнделік кітаптарым арқылы қайырып бергім келеді.

“Автор”.

... Ендігісін уақыт көрсетер. Күнделіктерімді компьютерге тере бастадым. Редакцияда, жұмыстың ара-арасында теріп жүрмін”.

Әзаға! Күнделік-сырларымды тұңғыш рет өзіңізге ғана ашып отырмын!

Тағы да бір үлкен жаңалығым бар екен-ау! 14 тамызда үшінші (ортаншы) баламыз Баубектің үйіндегі келініміз Дана аман-сау босанып, дүниеге қыз бала әкелді! Атын Әйге-

рім деп қойдық! Бірінші баламыздан көрген тұңғыш немеремізді Қаламқас деп атаған едік. Екінші баламыздың қызы – Тоғжан! Өз қызымыз Гауһар әлі тұрмысқа шыққан жоқ (1978 жылғы). Ал 1980 жылғы кенже ұлымыз Алау: “Міржақып есімін маған қалдыр”, – дейді. Өйткені, Тоғжанның інісі Мағжан “Міржақып” болғалы тұрып, көп талқылаудан кейін бұл есім кейінге қалдырылған болатын.

Қош-сау болыңыз, Әзаға! Өзіңізге өмірдегі барлық жақсылықтарды тілей отырып – ізгі құрметпен: ініңіз

Қайсар ӘЛІМ.

22.08.2003 ж. Астана.

P.S. “Күнделіктер – өмір іздері” деген мақаламның мәтінін (“Егемен Қазақстан” газетінің 2003 жылғы 20 тамызында, №214 жарияланған) жіберіп отырмын.

Күнделіктер – өмір іздері

Әркім сүйгенін, сүйкімдісін оқиды, ләззаттанады. Көңілі тартқанға құлай түсу – табынғандықтың бір белгісі болумен қатар, жан-дүниенің де хабаршысы. Әдеби талғамның байлығынан рухани болмыс арайланады. Әдебиеттей өміршінің билігіне бағынған жан-жүрек содан қуат алады, нұрланады, ыстық қайратқа кенеледі. Бұндай адам қолына алтын кілт ұстап жүргендей, өмірде өзін асқақ ұстайды, кеуде көмбесіне білім қорын жинаудан жалықпайды. Халық та сонысына орай ол кісіні дәріптеп, төбесіне көтереді. Сондай көкірек көзі ояу бір оқырман редакцияға жолдаған хатында: “Іздеп жүріп тәңтіленіп оқитыным – күнделік кітаптары, соларды қайдан табамын?” деп інкәрлікпен сауал тастайды. Осы бір ауыз сөз ордалы ой тұңғығына сүңгітеді. Сонымен... Күнделік туындылары туралы түсінігіміз қандай?

Күнделік – публицистикалық шығарманың бір түрі. Жазушының немесе саяхатшының өз көзімен көріп-білгенін

тізіп жазудан пайда болған жанр. Былайша қарапайым, жай күнделіктерде көбіне жеке өмір фактілері, кісі назарын аударған көріністер сөз етіледі. Онда авторлық фантазия аз болады. Ал көркем күнделіктерде жазушының әр алуан ой-сезімдері, алған әсерлері, қызықты оқиғалар, т.б. бейнеленеді. Дүние жүзінің көптеген жазушылары өздерінің кейбір шығармаларын күнделік формасында жазған. Мысалы, олардың қатарына И.Тургенев, М.Салтыков-Щедрин, В.Короленко және басқаларды жатқызуға болады. Өзіміздің қазақ ғалым, жазушылары арасында күнделікті алғаш қолданған Шоқан Уәлиханов еді. Оның “Құлжа күнделіктері” – ғылыми көркем публицистикалық шығарма. Сондай-ақ қазақ қаламгерлерінің ішінде осы әдіспен жазылған шығарманың бірі Ә.Сәрсенбаевтың “Офицер күнделігі” болып есептеледі.

Орыстың ұлы жазушысы Л.Толстой күнделіктері тағылымдық жағынан теңдессіз маңызға ие, мол пішілген дүние екендігінде гәп бар ма? Ол кейбір сәл үзілістермен күнделігін ғұмыр бойы – 63 жыл жүргізген. Яғни, 18 жасар-студент шағынан бастап жазып, 82 жастағы әлемге атақ-даңқы жайылған данышпан жазушы атанғанға дейін күнделігін тынымсыз толтырып отырған. Сол күнөрім шежірелері біздің қолымызға том-том кітап болып тигені мәлім. Сондай-ақ ол “Дневник для одного себя” деп аталған түрін де жүргізіп келген. Онда мынандай жазулар бар: “... Чтоб жить честно, надо рваться, путаться, биться, ошибаться, и вечно бороться и лишаться. А спокойствие – душевная подлость.” Немесе, жазушының жеке хатшысы В.Булгаковтың “Л.Н.Толстой өз өмірінің ақырғы жылында” деп аталатын күнделік кітабында күрделі өмірдің бізге беймәлім тұстары шыншылдықпен бедерленген. Оны оқып отырғанда мына “бес күндік қонақ” өмірдің теңдессіз тұлғаға да кей сәттерде қадірсіздеу болғанын, оның да күйкі пендешілікпен істеген оғаштықтардан ада еместігін, тіпті отбасылық қарым-қатынастағы трагедиялық қайшылықтар өрбігенін білгенде, қайран қалмасқа лажыңыз жоқ. Кезінде Толстойдың зайыбы Софья Андреевна өз басының келенсіздіктері жазылған тұстарын күнделіктен өшіріп тастауды күйеуінен қатты талап етіп, және де айтқанын орындатқанын да нақты дерек арқылы білеміз.

Аталған күнделік кітап — ғажап бір дүние, мәңгілік әлемі деуге де тұрарлықтай. Авторы жоғары оқу орнындағы оқуын тастап ұлы жазушыға көмекші болады. Жас азамат өз иесінің әрбір күнінен көріп білгенін, көңілге түйгендерін түртіп жаза берген ғой. Неткен ерлік. Бай мұра. “Осы мазмұндас мысалдар біздің әдебиетте бар ма?” деп кейде еріксіз ойға шомасың. Ғ.Орманов, Ә. Тәжібаев секілді әдеби көмекшілер Жамбыл атадан осы тектес жазбалар қалдыра алмады-ау деп те өкінесің. Үзік-үзік жағдаяттармен ғана шектелген сияқтымыз ғой. Ұлы Мұхтар Әуезовтің әдеби тұрмыс-тірлігінен толық қанықтыратын күнделік-жазбалар да кемшіндеу. Тіпті оның шығармашылық зертханасы әлі күнге жұмбақ күйінде қалып жүргендей әсер етеді. Шығармалары қалай өмірге келді? Жазу тәсілі қандай еді? Пенделік қасиет-кейпі қандай? Рас, ол кісі туралы жазылған естеліктерде әркім әр қырынан толықтыра әңгімелегені мәлім. Бәрібір жетісіңкіремейтіндей ме? Егер, оның әдеби көмекшісі болғанда, бүйтіп бармақ тістемеген де болар ма едік? Біздің күнделіктердегі көбіне “бәленше айтыпты-мыс” боп келетіні дәлдік шеңберін қушита түсетіні рас. Оның арғы жағында автордың өсек, өтірікке бой алдыратыны, өзін дәріптей бастайтыны жасырын емес. Демек, әңгіме ауаны шындықтан алшақтап, дәлсіздікке ұрындырады. Бұл болса күнделік табиғатына тіптен кереғар тенденция. Кейде мүйізі қарағайдай, ел сыйлайтын ағалардың естелік-күнделіктерінде тіпті тамақ ішкен мейрамхананың ас мәзіріне дейін тәптіштеп, ұсақтүйекті теріп жазғанын оқып, қарның ашады.

Қазақ жазушыларының кейбірінің күнделіктері де асыл мұра ретінде ұрпақтар кәдесіне жарауда. Мысалы, классик жазушымыз Ғ. Мүсіреповтің 1997 жылы “Ана тілі” баспасынан шыққан “Күнделік” атты еңбегінде қазақ тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі туралы, алуан түрлі айшықты сөз тіркестері, жазбақ болған шығармаларының жоспар-жобалары, кейбір кейіпкерлері хақында дерек-құжаттар молынан келтірілген. Асыл ағамыз кітаптың беташарында “Ұмытшақтық қоюланып келеді. Сондықтан кейбір керекті нәрселерді ке-

зінде еске түсіру үшін бұдан былай күнделік жазуды дұрыс көрдім” деп жасы шау тартқанда да жаңа машығына ұқыптылықпен кіріскен екен. Сөйтіп 1970-1985 жылдар аралығында елу шақты күнделік-дәптер жазыпты. Солардың басын қосып, тұтас күйінде оқырман назарына ұсыну бүгіннің міндеті болса керек. Әйтсе де белгілі қаламгерлердің үзіп-жұлып болса да жүргізген күнделік жазбалары том-том кітап болып шықпағанымен, ғұмырлық баянның берекелі белестері ретінде баспасөз арқылы көпшілікке жетіп жатқаны қуантады. Осы орайда дара тұлғалар – Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, М.Мақатаев, С.Әшімбаев жазбаларының мерейтойлық кезеңдерде еске түсіру мақсатымен оймақтай-оймақтай боп жарияланып жататыны да көңілге медет.

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов күнделік жазуды ғұмыр бойы сүйікті машығына айналдыруымен-ақ өшпес өнеге көрсетіп жүрген кажырлы қаламгер. Оның “Өмір өрнектері” деп аталатын әдеби күнделіктерінің бірінші кітабы “Өлке” баспасынан 2000 жылы жарық көрді. Оған автордың 1953-1986 жылдар аралығында жазғандары топтастырылған. Ал 1987 жылдан 2000 жылдың мамырына дейінгі кезенді қамтитын күнделіктерінің екінші және үшінші кітабы баспаға әзір күйінде тұр. Турасын айтсақ, қазақ меценаттарының қамқор көңілін күтіп тұр. Әзағаның қойын дәптерлеріне түсіргендері – сан тарау ойлардың жемісі. Алғашында үзік-үзік көрінетін қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шағын әңгіме-диалогтар мәнділігімен қызықтырады. Оларды оқып отырғанда халық сүйген жазушының шығармашылық зертханасына, әдеби-философиялық және әлеуметтік көзқарасына терең қаныға түсесіз. Бір ғажабы, Әзаға күнделіктерін күй талғамай жазады. Ұшақ үстінде, пойыз ырғағымен, түрлі көлік тербелісі дегендей... Ол күнделік жазуда өзіне француз философы Мишель Монтеннің (1533–1592) “Тағылымды тәжірибелер” (“Опыты”) деген үш томдық кітабы мен Сирия әдебиетінің классигі, ғұлама ғалым Абуль-Фарадждың (1226–1286) “Қызық хикаялар кітабы” еңбегінің зор әсер еткенін айтады. Қазақ қаламгерлері мен журна-

листері бұндай өнегені алыстан іздеп жатпай-ақ өзіміздің Әзағаннан үйренсе, қандай ғанибет болар еді деген ой келеді.

Ары-бергі қазақ зиялыларының күнделіктерін көп том етіп басып шығарса деген тілек те тіл ұшында тұр. Сондай тағылымды жазбалардың жиналмай, ел кәдесіне жарамай жатқаны қанша ма? Соларды бір ізге түсірген жөн. Хаттасулар да белгілі бір дәрежеде күнделік табиғатымен үйлесім табатынын ескеріп, оларды да кітапқа жинақтау жағын ойластырған абзал. Өйткені ондай жазбалар дерек пен дәйекке негізделуімен қымбат. Күнделіктер өмір іздері дейтініміз де сондықтан болар.

Сіз осы, күнделік жазасыз ба? Чеховтың әкесі кәдімгі кеңселік журналдың тор көздеріне күн сайын өрмек тоқығандай етіп жазу түсіріп отырыпты... Демі үзілгенде ғана күнделігі тоқтаған... Ұрпағыңызға әркімнің де айтары бар шығар, күнделік түртіп жүріңіз. Нәрлі сөз жерде қалмайды, жарқыным!

Алматы, Құрманғазы көшесі, 90-үй, 28-пәтер.
Нұршайықов Әзілханға.

Аса қадірлі Әзаға!

Сау-сәлемет болдыңыз ба? Үш-іші, балалар аман ба? Денсаулығыңыз қалай? Шығармашылықта тұшымды табыстарға жете беруіңізге тілектеспін.

Әзаға! Өзіңізбен хат-хабар қатынасын үзіп алғанымға кешірім өтінемін. Кейінгі бір хатымды биылғы 22 тамызда жолдаған екенмін. Содан бері тым-тырыс жатып қалыппын. Әрине, уақыт, жұмыс бұғалығынан босанып кете қою қиына соқты білем.

Сізбен хабарласпаған осы үш ай ішінде біраз жаңалықтар болыпты. “Егемен Қазақстанға” қатысты жағын айтар болсам – бұрынғы президентіміз Сауытбек Абдрахманов ҚР Ақпарат министрі лауазымын иеленді. Оның орнына бас редактор Ержұман Смайыл тағайындалды. Сөйтіп, Ерағаң газет

басшылығына екінші қайтара келіп отыр. Бұл кездейсоқтық емес еді. “Газетсіз өмір сүре алмайтын” нағыз еңбек торысына — қаламның қажымас қара нарына көрсетілген айрықша құрмет деп ұғынамыз. Бұрынғы топ жетекшісі Жанболат Аупбаев бас редакторлыққа бекітілді. Шолушы Ғабит Мүсіреп соның орнына жылжытылды да, маған да бір “бақ қонғандай” болды. Ғабиттің жеке кабинетіне отырып, тілшіліктен — шолушылыққа өттім.

Иә, қадірлі Әзаға! Мұндай жаңалықтарды Сізге айтпағанда кімге айтамын! Және де өзіме қатысты аз-маз өзгерістер Сіздің “Қазақ әдебиетінде” (№32, 8.08.2003 ж.) менің “Сырбай мен Ғафу” атты кітабым туралы жариялаған жылы да кесек пікірлеріңізден кейін болып жатқаны көңілге түрлі ой салады. Имандай шыным, Сіздің дуалы аузыңыздан шыққан сөзден (мақаладан) кейін жолым ашылып жүре бергендей... Басшылардың маған деген көзқарасы өзгеріп, қабағы жадыранқы болды. Қазіргі жағдайым, шүкір, қалам қамынан басқа ештеңе ойламай көңілді жүріп жатырмын. Сол үшін де Сізге үлкен рахмет айтамын! Үлкен жазушы сөзінің киесі, шапағаты былайғы оқырмандарының да жүрегін нұрландыра берсін деп тілеймін!

Әзаға! “Ә.Нұршайықов” папкесі қалыңдаған үстіне қалыңдап барады. Күнделікті көп қуанышымның ағынды арнасы сол папкеден жылғалануда.

Енді, шығармашылыққа қатысты бір жаңалығым — “Жанығу” атты бір қалың кітабым Алла жазса, жыл аяғына қарай қолға тиіп қалар деп үміттенем.

Сізге жіберілгендер: 1. Республикалық “Хабар” арнасынан 2003 жылғы 20 қыркүйекте берілген “Бір сәт және бүкіл ғұмыр” атты хабарды жүргізген ғалым-сыншы, жазушы Тұрсынбек Кәкішевтің сөзі (диктофон таспасынан) — 3 бет. 2. “Егемен Қазақстан” газетінің келесі жылғы 85 жылдық мерейтойына арнап шығарылған 2004-тің үстел үстілік күнтізбесі. Оның әрбір айының беташарында Елбасы Н.Назарбаевтан бастап, мемлекетіміздің ерен тұлғаларының газет туралы жүрекжарды лебіздері жарияланған. Мысалы, күнтізбенің “Маусым” айын аударып көрелікші. Одан Әзілхан Нұршайықовтың: “Егемен Қазақстан” — қазақ қауымының жанын жадырататын, жүрегін тербейтін, жақсы ой, жана іс-

терге бастайтын ең қадірлі газет” — деген тамаша бағасымен танысуға болады.

Сау болыңыз, Әзаға! Балаларға сәлем айтыңыз.

Сәлеммен, ініңіз Қайсар ӘЛІМ.

23.XI.2003 ж. Астана.

Республикалық “Хабар” арнасынан 2003 жылғы 20 қыркүйекте берілген “Бір сәт және бүкіл ғұмыр” атты хабарды жүргізген ғалым-сыншы, жазушы Тұрсынбек Кәкішевтің сөзінен (диктофон таспасынан):

— Мен адамды бай, кедей, үлкен дәрежелі қызметкер деп бөлген адам емеспін. Адамшылығы келіссе, қай-қайсысымен де дос болып кете беремін. Сол реттен келген уақытында мына менің екі ағам, біреуі — Әзілхан Нұршайықов, екіншісі — Мұзафар Әлімбаев. Екеуі де Қазақстанның халық жазушылары. Бұлармен мен ерте таныстым. Мысалы, Әзілхан біздің қазақ университетінің журналистика факультетін бітірді. Оқып жүрген кезінен білем. Сол Мырзабекпен (Дүйсенев) екеуі бірге жүретін, бірге тұратын. Ал енді Әлімбаев соғыстан кейін келді де оны осында газет-журналдарда қызмет істеп жүрген кезінен бастап білем. Бұлардың екеуі де биыл, ә, кім, Әзілхан былтыр 80-ге келді. Ол 80-ін атамады, ататпаған, тойлатпаған адамның бірі осы Әзілхан. “Мен 80 жылдығымды өткізбеймін” деді. Оның алдында 70 жылдығын мен Жарма ауданында комиссияның председателі болып барып, Халима апай барда, керемет, тамаша апамыз еді, тойлағанбыз. Осы Әзілханның үлкен қайраткер болып шығуына, қаламгер болып шығуына үлкен жағдай жасаған. Екеуі қосылғаннан кейін төрт перзентті болды. Сол 4 перзенті, Әзілхан 5-ші, сол үйдің барлық жұмысын Халима апай атқаратын да. Халима жөнінде қазір өзі жақсы жазып жүр ғой. Соның арқасында Әзілхан бейнет көрмеді.

Оның тіпті “Қазақ әдебиеті” газетінің редакторы болып, сосын айтыс-тартыспен түсіп қалып, 1 жыл жұмыссыз отырған кезі болған. Ал совет заманында жұмыссыз отыру, еш-

кімнің ол кезде қалтасында жүрген, кассасында жатқан ақшасы болмайтын, қиынның қиыны еді. Сол уақытында ашығып, тарыққан сәттерін де көрдік біз. Сол уақытында Халима апай барлық жағдайдан шығарып отырды.

Мен Әзілханның шыншылдығын, енді ол өзі негізі журналист қой, аса зор бағалаймын. Журналистен жазушыға айналған. Үлкен әлгі “Махаббат, қызық мол жылдар” дейтін шығармасы әлі күнге дейін ол классикалық шығарма. Одан артық, сол кезеңдегі жастардың махаббатын көрсеткен кездегі уақытында “Махаббат, қызық мол жылдардан” артық ештеңе таба алмайсын. Қазіргі біздің қыздарымыз бен балаларымыздың махаббаты, әй, білмеймін, қандай болып көрінетінін. Ал анау біздің жасаған кезіміздегі, біздің басымыздан өткен оқиға, өзіміздің сол құбылысқа арналған сәттеріміз — махаббаттың шынайы формасы. Сондықтан да әлі күнге шейін бұл шығарма құнын жойған жоқ. Осы кеше, таяуда ғана қайтадан басылып шықты. Қазір біздің жастарымызға үлгі болатын шығарма. Сондықтан Әзілхан іс-әрекеттеріндегі дүниелерінде, сосын шығармаларындағы дүниелерінде сөз бен істің арасында алшақтық болмаса екен деп талаптанады. Енді жазушы болғаннан кейін кейде қоспасыз шындықтың өзі де жарқырап көрінбейтін кездер болады. Оған бір әдемі бояу жағып жібермесең, тағы бір деталь ойлап шығармасаң, таза шындықтың өзі шыға алмай қалады. Сондықтан ондай сәттер шығармасында кездесетін болса, кешірім жасау керек те. Ал таза шындықтың жаршысы болғанына мен Әзілханды айрықша қастерлейтін жазушының бірімін.

Алматы, Құрманғазы көшесі, 90, 28-пәтер.
Нұршайықов Әзілханға.

Аса қадірлі Әзаға!

Сау-сәлемет болдыңыз ба? Үй-іші аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма?

Біз де жақсы жүріп жатырмыз. Аркада да қыс әлі күшіне ене алмай тұр. 9 желтоқсан күні кәдімгідей нөсер жаңбыр болды. Нағыз көктем шыққандай!

Әзаға! Астанадағы “Парасат әлемі” баспасынан “Жанығу” атты журналистік таңдамалым шықты. Сол кітабымды өзіңіздің туған күніңізге орай, тарту ретінде салып жіберіп отырмын. Баяғыда, кеңестік кезеңде, партия съезіне еңбек шашуы болушы еді ғой (әзілім ғой), менің бұл тартуым – халық сүйген үлкен жазушының 81 жастық ғұмыр белесіне көтерілу шаттығын шәкірттік еңбекпен бөліскен түрім болса керек. Нақтырақ айтқанда, Әзаға! Өзіңіздің алдыңызда берген есебім!

*Сәлеммен, ізгі құрметпен –
Қайсар ӘЛІМ. 10.12.2003. Астана.*

P.S. Әзаға! 23 қарашада өзіңізге хат жазып едім, алдыңыз ба?

Автограф

Аса қадірлі Әзаға!

Бұл кітабымды Сіздің туған күніңізге (81 жас) тарту етемін. Ұзақ ғұмыр, отбасылық әрі шығармашылық бақыт тілеймін – Автор.

*К.Ә.
10.12.2003 ж.*

P.S. Сыйға тартқан кітабым “Жанығу” деп аталады.

* * *

Ескі жылдың ең соңғы хаты

Астана қаласы,
“Егемен Қазақстан” газетінің редакциясы.
Қайсар Әлімге

**Қымбатты, аса қымбатты інім, бауырым,
досым Қайсаржан!**

Сізге, Сіздің үйдегі күмістен қымбат, алмаздан асыл ардақты Алтын келініме. Екеуіңіздің алтын асықтай балаларыңыз бен немерелеріңізге ағалық сәлем жолдаймын. Бәріңізді келе жатқан 2004 Жаңа Жылмен шын жүректен құттықтаймын. Сау-сәлемет, бақытты, базарлы, назарлы болуларыңызға тілектеспін.

Қайсар қалқам!

Сіздің 23 қарашада және 10 желтоқсанда жазған хаттарыңызды алдым. “Жанығу” кітабыңызды Өзіңіздей көріп, құшақтап, кеудеме қыстым. “Тентек махаббат” эссеніздегі Кәлима деген атқа көзім түсіп (менің Халимама ұқсас есім болғандықтан), бас алмастан (“Халиманы” оқыған Президент сияқты) оқып та алдым. Оқыдым да ішінде Кеңшілік пен Серік сияқты жақсы інілерім жүргеніне қуандым. Кәлима мен Мырзағұлдың қосыла алмай кеткендеріне өкіндім, әрине.

Адам өмірінде ұстаздың алатын орны ерекше ғой. Ұстаз деген ұлы атақ. Одан жоғары атақ жоқ. Сіз айтып отырған Серік мұғалім де сондай елеусіз ұлылардың бірі екен.

Эссенің атын “Тентек махаббат” деп қойыпсыз. Оны оқығанда өзімнің махаббатты: бала махаббат, шала махаббат, мәңгілік махаббат деп үшке бөлетінім (кейде шала махаббаттан кейін шын махаббатты қосып, төртке бөліп те айтып жүрмін. Кейбір кездесулерде “шын махаббат” аузыма түспей қалады да, ойымда бұрын қалыптасып қалған алғашқы үшеуін айтып жүре беремін. Артынан “шын махаббат”, “мәңгілік махаббаттың” бір саласы ғой деп, өзімді өзім жұбатамын) еріксіз есіме түсті. Мырзағұл азамат та бала махаббатты басынан кешкен екен деп ойладым. Әркімнің бала махаббаты әр түрлі себептермен үзілетін болуға тиіс.

Ал, мынау, “Егемен Қазақстанның” 2004 жылға арналған үстел үстілік күнтізбесін жібергеніңізге және ризамын. Өзім 17 жыл қызмет істеген қымбат газетім “Егемен Қазақстан” туралы айтқан бір ауыз сөзімнің календарьға кіргеніне қуандым.

Теледидардың “Хабар” арнасынан 2003 жылы 20 қыркүйекте берілген “Бір сәт және бүкіл ғұмыр” сериясының кезекті хабарында профессор Тұрсынбек Кәкішевтің мен туралы айтқан пікірін диктофонға жазып алғаныңыз қандай ғажап болған! Ол хабарды мен көре алғамын жоқ. Ешкім хабарлап айтпады. Егер білген болсам, видеокассетаға көшіріп алатын едім. (Ондай көшірмелерім бірсыпыра). Ал сол хабарды Тұрсынбектің өзі де көрмеді. “Көрсем, көшіріп алатын едім” деп ол да өкінді. Сіздің диктофонға көшіріп алып, маған жібергеніңізді естігенде Тұрсынбек ағаныз да қуанып қалды. Маған бір данасын беріңіз деп өтінді. Мен оны өз қолыммен ксерокөшірме жасап, әзірлеп қойдым. Жана жылдың 3 қаңтарында Кеңес деген атақты академик ініміздің үйіне қонаққа жиналмақшы едік. Сіз диктофонға жазып алған ол сөзді сол үйде Тұрсынбектің қолына тапсырамын.

Ал, Сіз алғашқы (23.11.03 ж.) хатыңызда “Ә.Нұршайықов” папкасы қалыңдап барады” деген екенсіз.

Менің ол хатқа да, одан кейінгі жазғаныңызға да жауап бере алмай жатқан себебім Сіздің сол папкаға керекті 12 сұрағыңызға толық жауап бере алмай жүргендігім еді. Сіздің “Жанығу” кітабын менің туған күніме тарту ретінде жібергеніңізге қатты қуандым. Өйткені, бұл – қазақ жазушыларында жоқ жана үрдіс. Қуана отырып, Сіздің 2002 жылы 14 қазанда жіберген 12 сұрағыңыздың тек үшеуіне жауап жіберіп, қалған жағын толықтап бере алмай келе жатқан жауапсыздығыма қиналдым. Сылтау көп қой. Ең бастысы мұршам келмегені болды. Соңғы екі жылда мен мектеп, институт, университеттерге кездесулерге көп шақырылдым. Әр кездесуге әзірленіп баруға міндеттімін. Олардан тысқары Жазушылар одағы мен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Кемел Тоқаев, Жекен Жұмаханов, Әкім Тарази, Мырзабек Дүйсенов туралы сөз сөйлеп, естелік-баяндама-

лар жасап беруді өтінді. Ол өтініштерді де орындадым. Бір желтоқсан айында ғана 4—5 рет кездесуге қатысыппын. Сылтау деген осы болар. Ал Сізге хат жазу үшін мен бір кездесуден кем әзірленбеуім керек.

“Қысыла-қысыла қыз болдым” дегендей, Сізден ұяла-ұяла отырып бүгін (30.12.03 ж.) осы хатты жазуға кірістім. Сіздің алғашқы үш сұрағыңызға мен биылғы 18 тамызда (18.10.03 ж.) жауап жіберген екенмін. Енді осы хатты аяқтағаннан кейін қалған 9 сұрағыңызға жауап жазуға кірісемін.

Алдымен, бұл пакетпен баратын материалдардың тізімін айтайын: 1). Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Әлия Молдағұлова атындағы орта мектеп ұжымымен кездесуде сөйлеген сөзім 18 бет. (“Жетісу” газетінің екі нөмірінде басылған). 2) Рухани үш байлық 10 бет. (“Семей таңы”). 3) Төрт таланттың иесі еді. 6 бет. (“Семей таңы”). 4) Профессор Рақымжан Тұрысбектің 16 сұрағына жауап. 43 бет. 5) Президент Н.Назарбаевтың 2004 Жаңа жылмен құттықтау хаты. (Ол кісі бұрын Әзеке деп жазушы еді. Бұл жолы және бұдан бұрынғы хатында Әзаға деп атапты). 6) Сіздің қалған 9 сұрағыңызға жауап. Оның көлемі қандай болатыны әзірге белгісіз. 7) Баян Сұлуға арналған монолог 10 бет. 8) Әзаға. Еркеш Ебікенов өлені. 1 бет. 9) Бір (жас кезде жазған өлендерімнің бірі) 4 бет. 10). Профессор Р.Тұрысбектің зерттеу мақаласы. 36 бет. 11). Ғалым-жазушы Т.Бейісқұловтың “Өмір өрнектері” туралы ойлары. 11 бет. Барлығы 130 бет + 9 сұраққа жауап.

Ескі жылдың ең ақырғы хатын осымен аяқтаймын.

Құшақтап, бетіңізден сүйдім.

Сіздің Әз.Нұршайықов. 30.12.2003 ж. Алматы.

12 сұраққа жауап

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ.

*(Жазушы Қайсар Әлімнің қалған 9 сұрағына жауап. Алғашқы
3 сұраққа бұрын жауап жіберілген)*

№4 сұрағыңыз Чеховтың хаттарына байланысты.

Хат демекші мен Павлодарда тұрғанда (1953-1961) жазушылар мен журналистерден 130 хат алыппын. Маған хатты ең көп жазғандар Мұқан Иманжанов (34), Жекен Жұмаханов (20), Мырзабек Дүйсенов (15) екен. Жақында: Ж.Жұмахановтың 90 жылдығы, М.Дүйсеновтің 75 жылдығы қарсаңында сол хаттан түптелген №1 папканы (“Әзілхан Нұршайықовқа замандас жазушылар мен журналистердің жазған хаттары”) алып карадым. Жұмаханов пен Дүйсеновтің хаттарына жеткенше папкадан бас көтере алсамшы. Жатқан бір тарих. Сәбит Мұқанов, Фабит Мүсірепов, Асқар Токмағамбетов, Дихан Әбілев, Фабдол Сланов, Зейін Шашкин, Әбділда Тәжібаев, Жайық Бектұров, Сырбай Мәуленов, Зейнолла Қабдолов, тағы басқа ағайындардың қолтанбалары әрқайсысының өзіне тән әріптермен мөлдіреп тұр. Жазған жазуларына қарап олардың өздерін көргендей күйге түседі екенсің.

Әрқайсысы әр алуан сыр айтады. Кейбіреулері менің Павлодардан жазған очерктерімді сөз етеді. Соған ризалықтарын білдіреді.

Жекен Жұмаханов бір хатында былай деп жазыпты: “Әдебиет және искусство” журналының 5-6 нөмірінде (1955) басылған очерктерді (“Алыстағы ауданданы” айтады. Әз.Н.) шыдамай, өте бір тойымсыздықпен оқып шықтым. Жымия-жымия отырып, қырғын күлкіге бастым. Қой туралы емес, адам туралы жазылған очерк. Қазақ әдебиетінде мынадай очеркті оқымағаныма көп болды. Рахмет! Міне, облысқа барғаныңның пайдасы тиді!..

Сен жақсы жерде, жақсы сөзді, мінезді, қатпары, сыры көп шаруалардың арасында болғансың. Көп жерде оқып отырып пеш жылуы, тезек иісі мұрныма келді. Менің тамырым да – сол ортада, Алматы маған қондырма ғой...”

Мұндай хаттарды қалай оқымассың! Бірінен бірі қызық болып, тарта түсетінін қайтерсің! Мінеки, хат деген ғажап дүниенің қасиеті осындай ғой!

Павлодардан қайтып Алматыға келгеннен кейін жазушы ағайындарымнан хат алудан қалдым. Қаладағылар бірі-бірімен телефон арқылы ғана хабарласады. Қағазға түспеген сөз, оттан ұшқан ұшқын сияқты, трубкадан тындаушыға жете сала өшеді де қалады.

а) жазушының тілі туралы дейсіз ғой?

Әрине, жазушының бар қасиеті ойы мен тілінде. Ойсыз жазушы болмайды. Бірақ, сол жақсы ойды жұртқа жеткізер тіл қандай: көркем бе, көрікті ме, қуатты ма? Мен үшін жазушылардың бәрі жақсы. Ал тіл жағынан ерекше бағалайтындарым және бар.

Бәріміздің табынатынымыз Абай тілі ғой. Ал өзімнің алдымдағы ағалардан тіл жағынан тәнті болатындарым Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов. Екеуінің тілі екі тұрғыдан жақсы. Мұханның сөйлемдері теңіз бетіндегі бірін-бірі қуалап, біріне-бірі жалғасып, жағаны дүріс-дүріс соғып жататын толассыз толқынға ұқсайды. Теңіз толқыны тәріздес!

Бұл сөзді қазақтың кәсіби ұғымына бейімдесек, шұбатылған жібек арқан сияқты. Қыл арқан емес, кендір арқан емес, жіп арқан емес, жібек арқан! “Ертістің ар жағында бір терең сай, сүйреткен жібек арқан тел қоңыр тай” деп әнде айтылатын жібек арқан. Сөйлемді жұп-жұмсақ жібек арқанша шұбалтып немесе толқындай тулата жазу, әрине, Мұхана Лев Толстойдан ауысқан әдет. Мұндай күміс толқынды сөйлемдер қазақ әдебиетінде Мұхана дейін болған емес.

Ал Ғабеннің (Ғабит Мүсіреповтің) сөйлемдері үйіріп кеп қалсаң тік етіп алшысынан тік түсетін қой асығына ұқсайды. Жай асық емес, алтын асық. Ол “асықтардың” салмақтылығы сондай, әрқайсысын сақа қоюға болады. Ондай сақамен өзгелердің бар асығын ұтып әкете бересің.

Өзім құралпас (құрдас емес), тұрғылас жазушылардан тілге шешен тек Зейнолла Қабдолов қана. Сөз бен сөзді жанастыра, жұғыстыра, сөйлемді жарқырата біледі. Оның “Менің Әуезовім” романы туралы “Зейнолла сөзбен сурет салады. Жердің, судың, адамның ғана емес, ауаның да суретін қағазға түсіре алады” деп айтқанмын.

Қазақ сөздерін түбін түсіре білемін дейтін замандастарымның бірі Мұзафар Әлімбаев. Мұзафардың білгіштігіне, оқығыштығына, айтқыштығына, алғырлығына дау жоқ. Ол қазақтың 20 ғасырдағы классик ақындарының бірі. (Менің есебімше қазақтың 20 ғасырда шыққан классик ақын, жазушыларының саны жиырмаға жуықтайды. Басқа ешбір ғасыр қазаққа мұндай мол ұлы тұлғалар берген емес!).

Солай бола тұрса да, Мұзафардың көп өлеңдері (бәрі емес) маған, неге екенін білмеймін, орысшадан жасалған олақ аудармаға ұқсап тұрады. Ал оның тамаша ән текстері, мақал-мәтел аудармалары ғасырлардан ғасырға кетеді. Неге екені белгісіз оның “Естай – Қорлан”, “Ту тіккен” деген екі үлкен поэмасы елеусіз қалды. Бәлкім, білген тілді білікті пайдалана білмеуден болар. Қалай дегенмен де қазақ балалар әдебиетінің классигі ретінде Әлімбаевтың алдына жан салмайтыны рас.

Бізден кейінгі жазушылардан тіл дүлдүлі деп Қабдеш Жұмаділовті, Мұхтар Мағауинді, Софы Сматаевты, Әкім Таразиді, Қалихан Ысқақовты атар едім. Ақындардан Тұманбай Молдағалиев пен Қадыр Мырзалиевты жақсы көремін. Қадырдың философиялық қасиеттеріне қызығамын. Фариза Оңғарсынова қарындасымды қатты құрметтеймін.

2) – *Жазушылардың қазір елге барып орналасқандары туралы пікір сұрапсыз. Оралда – Қ.Мырзалиев, Атырауда – З.Қабдолов, Павлодарда А.Шамкенов жайғасқанын айтып, олар не бітіреді? – дейсіз.*

Қабдолов пен Мырзалиевтың бастарына 4-5 бөлмелі үй, астарына машина берілсе керек. Зейнолла Атырау университетінде профессорлық қызмет атқарады, Қадыр облыс әкімінің кеңесшісі екен деседі. Бұлардың елге барғандары